

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы №488 "Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" қаулысын жүзеге асыру

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімдігінің 2003 жылғы 26 тамыздағы 179 қаулысы. Атырау облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 15 қыркүйекте 1619 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 15 наурыздағы № 65 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012.03.15 № 65 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы № 488 "Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында облыстық әкімдік **қаулы е т е д і :**

1. "А" вирусты гепатитке қарсы жыл сайын жоспарлы алдын ала егілуге жататын адамдар құрамының тізбесі бекітілсін (1-қосымша).

2. Тұмауға қарсы жыл сайын жоспарлы алдын ала егілуге жататын адамдар құрамының тізбесі бекітілсін (2-қосымша).

3. Атырау облыстық қаржы басқармасы жыл сайын облыс бюджетінде тұрғындардың "А" вирусты гепатитке және тұмауға қарсы егуге қажетті вакциналарды сатып алуға қаржы қарастырып, Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына бөлсін.

4. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы:

1) алдын ала егулер жүргізу тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес тұрғындарды жоспарлы түрде және эпидемиологиялық көрсеткіштерге орай вакцинациялауды;

2) медициналық мекемелері жоқ елді мекендерде тұратын тұрғындарды вакцинациялау мақсатында жылжымалы егу бригадаларының жұмыс істеуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы мемлекеттік сатып алу сұранымды, санитарлық талаптарға сәйкес вакциналарды сақтауды, тасымалдауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.І. Мұрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
№ 179 қаулысына 1-қосымша

"А" вирусты гепатитке қарсы жылма-жыл жоспарлы алдын-ала егілуге тиісті адамдар құрамының тізбесі

Егілетін адамдар тобы	Егілуге тиісті адамдар саны
2 жастағы балалар	8500

О б л ы с ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
179 қаулысына 2-қосымша

Тұмауға қарсы жылма-жыл жоспарлы алдын-ала егілуге тиісті адамдар құрамының тізбесі

Егілетін топ	Егілуге адамдар саны	тиісті
Балалар үйі тәрбиеленушілері мен қызметкерлері	84	
Жетім және әке-шеше қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған и н т е р н а т тәрбиеленушілері мен қызметкерлері	279	
"Ақбота" балалар үйі тәрбиеленушілері мен қызметкерлері	238	
Қарттар үйі	78	
Ойлау қабілеті төмен балаларға арналған интернат тәрбиеленушілері мен қызметкерлері	298	
Жиі ауыратын балалар	4523	
Медицина қызметкерлері	4500	
Барлығы	10000	